

Қазақстан Республикасы

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
«МАТАЙҚҰМ ОРТА

МЕКТЕБІ» КММ

БҰЙРЫҚ



Республика Казахстан

Актюбинская область
Байганинский район
КГУ «МАТАЙКУМСКАЯ СРЕДНЯЯ

ШКОЛА»

ПРИКАЗ

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Дияр ауылы
Тел/факс: 871345-73-0-45; mataikym_2018@mail.kz

20 22 жылғы «31» Тамыз № 47.

2022-2023 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кездерін айқындау туралы» №363 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 26.08.2022 жылғы № 270 бұйрығы және Байғанин аудандық білім бөлімінің 2022 жылдың 31 тамызындағы «Орта білім беру ұйымдарда 2022 – 2023 оқу жылының басталуы туралы» №128/1 бұйрығы негізінде Байғанин аудандық білім бөліміне қарасты Матайқұм орта мектебінде 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық сынып жетекшілері мен педагогтерге:

1.1. Барлық сыныпта жаңа 2022-2023 оқу жылына дайын болуы қамтамасыз етілсін.

1.2. Оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылдансын;

1.4. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан - 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

1.6. Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.8. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Х.Куатовқа міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Қ.Бабасов